

**Байғанин аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 70 "Байғанин ауданының жергілікті атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 22 ақпандағы № 49 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 9 наурызда № 5304 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Байғанин аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Байғанин аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 70 "Байғанин ауданының жергілікті атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4881 болып тіркелген, 2016 жылдың 26 мамырында аудандық "Жем Сағыз" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Байғанин ауданының әкімі*

*М.Аққағазов*